

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР****ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ
ПРОБЛЕМЫ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ****ENVIRONMENTAL
PROBLEMS OF CENTRAL
ASIA**

ӘОЖ 327; 339.9

Г.С. Байкушикова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: gulnara.baikushikova@gmail.com

**Орталық Азия аймағында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің
оңтайландыру жолдары**

Андағна. Мақалада Орталық Азия аймағында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің оңтайландыру жолдары қарастырылады. Аймақта экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автор экологиялық қауіпсіздік аймақтық жүйесін құруды, бірыңғай экологиялық тұжырымдаманы қабылдауды, құқықтық-заңнамалық базаны дамыту, институттардың қызметін жетілдіруді, қоғамдық сананың экологизациялануын жүзеге асыруды ұсынады.

Түйін сөздер: Орталық Азия, экологиялық қауіпсіздік, оңтайландыру, экологиялық қауіпсіздік жүйесі, экологизация.

Көптеген егеменді мемлекеттерден тұратын халықаралық саяси жүйе бүгінгі таңда экологиялық проблематика көзқарасына байланысты халықтарды және ұлттарды бөліп тұратын, шекаралары бара-бара маңызсыз және елеусіз болып бара жатқан ғаламдық мемлекет үсті құрылым жүйесіне қарай өзгеруде. Экологиялық әл-ауқаттылықты бөлек бір мемлекетте, қандай да бір территорияда қамтамасыз ету мүмкін еместігін түсіне отырып, ұлттық және аймақтық экологиялық мәселелерді шешу үшін, халықаралық жетілген экологиялық жүйені құру үшін интеграцияланған бағыт талап етіліп отыр. Осы жерде ғаламдық мүдделердің – жалпы Жердің орта түзуші және ресурстарды өндіретін қасиеттерін сақтап қалу деген сияқты басымдылықтары алға шығады.

Экологиялық қауіп-қатерлердің ортақтығы Орталық Азия аймағында қауіпсіздік жүйесін құруда күш-жігерді, әдістерді біріктіруді талап

етеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, Орталық Азия елдерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, аймақта интеграциялық үдерістерді тереңдету қажеттілігі айқын көрініп тұр. Арал теңізінің құрғауы, су және отын-энергетикалық ресурстарды тиімсіз пайдалану және тиімсіз басқару, бұрынғы ядролық және атомдық сынақтармен, қайта өңдеулер және қалдықтармен байланысты мәселелерді шешуде мемлекетаралық шешімдер қажет. Аймақта интеграция мен оның қауіпсіздікке әсер етуі арасындағы байланыс айқын көрінуде. Осы орайда Орталық Азия аймағында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдарын атап өту орынды.

Біріншіден, жалпы орталықазиялық интеграцияланған *экологиялық қауіпсіздік аймақтық жүйесін* құру қажет болып отыр. Бұл жүйе аймақтық өмірлік маңызды мүдделерді, табиғатты пайдалану, биоәртүрлілікті сақтау,

қоршаған ортаны қорғау және халық денсаулығы саласында интеграцияның басымдылықтары мен стратегияларын анықтау негізінде ғаламдық және аймақтық экологиялық қауіптерді шешу және алдын алуға бағытталған болады. Бұл үшін Орталық Азия елдерінің экологиялық қауіпсіздік саласында өзара әрекеттесу үдерісін нақтылау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ұлттық іс-әрекет шараларын үйлестіру, шекарааралық экологиялық қауіптер мен қатерлерді айқындайтын және саралайтын, қоршаған ортаның үздіксіз мониторингін жүргізіп отыратын бірыңғай ақпараттық-сараптама желісін құру қажетті.

Екіншіден, Орталықазиялық экологиялық қауіпсіздік аймақтық жүйесі экологиялық мәселелерді кешенді шешу үшін аймақ мемлекеттерінің бірыңғай *экологиялық тұжырымдамасына* негізделуі керек. Мұндай тұжырымдамаға аймақтағы адам қызметінің барлық бағыттары мен түрлері бойынша қоршаған ортаға әсердің жан-жақты зерттеуі және сараптауы кіретін еді.

Аймақта экологиялық тепе-теңдікке қол жеткізу үшін және жүзеге асырылып жатқан шаралардың тиімділігі үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің *құқықтық-заңнамалық негізін жетілдіру* де маңызды мәселелердің бірі. Бұл жерде әлемдік, оның ішінде Еуропа елдерінің тәжірибесін пайдалануға болады.

Экологиялық саясаттың іргелі нормативтік-құқықтық құралдарын жетілдіру үшін, жақын болашақта тиімді қолдануға мүмкін болатын пайдалы идеялар, стандарттар және үдерістерге ие Еуропалық Одақтың экологиялық заңнамасының нақты құрамдас бөліктерін қарастыру орынды. Егер Орталық Азия мемлекеттері өздерінің экологиялық заңнамаларын Еуропалық Одақтың заңнамаларына жақындастырса, Орталық Азияда аймақ деңгейінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ортақ экологиялық стандарттар мен экологиялық нормаларды бекіту, ортақ шешімдерге келу оңайға соғар еді.

Орталық Азиядағы аймақтық экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі мықты институттарды қажет етіп отыр. Сондықтан аймақтағы қазіргі таңда қызмет атқаратын *институттарды қайта құрылымдап, жетілдіру* және жаңа институттар құру қажет. Бұл жерде институционалдық тұрақтылық талап етіледі,

сонымен қатар институттардың қызметтері және жауапкершілік салалары бір-бірін қайталамайтындай нақты айқындалуы керек.

Орталық Азия елдерінде қажетті өзіндік әлеуеттің жоқтығы ұлттық талпыныстарды *халықаралық қауымдастық тарапынан қолдау қажеттілігі* әлі де өзекті болып қалуда. Аймақтағы тұрақты даму стратегиялық бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруы шетелдік донорлардың қолдауына тәуелді болып отырғандығын айта кеткен жөн [1]. Бұған донорлардың қызығушылығын арттыру үшін жігерлілік таныту керек, олардың қызметтерін үйлесімді жүргізе біліп, олар тарапынан берілген қаржы мен құралдарды тиімді пайдалана білу керек.

Сыртқы донорлардан көмек бастамалы жобаларды жүзеге асыруға; ең үздік тәжірибемен алмасуға; табиғи ресурстарды тиімді басқару үшін рәсімдер мен тетіктерді жетілдіруге; институционалдық, техникалық және адами әлеуетті жоғарылатуға; халықаралық келісімдер бойынша міндеттерді жүзеге асыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда қол жеткізетін нәтижелерге қатысты айтар болсақ, экологиялық салада тез арада жетістіктерге жету мүмкін еместігін, экологиялық жақсару үшін ұзақ мерзімді күш-жігерді және түбегейлі өзгерістерді талап ететіндігін ұғынуымыз керек. Халықаралық ұйымдар тарапынан аймақтық бастамаларды қолдау үшін айтарлықтай жұмыс атқару керек, күш-жігер көп уақытты талап ететіндігін, Орталықазиялық мемлекеттер тарапынан бастамаларға қызығушылықтардың біресе артып, біресе төмендеуіне орай шыдамдылық пен жігерлілік таныту, сонымен қатар аймақтық сараптық ресурстарды нығайту мақсатында ұлттық институттар мен адами ресурстарды максималды түде тарту қажеттігін ескеру керек. Сондықтан халықаралық ұйымдардың қысқа мерзімді және фрагментарлық жобаларынан үйлестірудің тиімді тетіктерін құру арқылы ұзақ мерзімді және салааралық бағдарламаларға өту қажет. Саясат пен экономиканың қысқа мерзімді шектері экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік бермейді. Барлығы да тез арадағы және көзге көрінді нәтижелерді көргілері келеді, алайда бұл өз тарапынан мәселені тереңдете отырып, оның шешілуін қиындатады.

Орталықазиялық мемлекеттердің мониторингтік, қадағалау және бақылау қызметтері негізінде қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар негізінде *бірыңғай мониторингтік жүйе*

құрылу қажет. Оның шеңберінде қоршаған ортаның жағдайын, табиғи ресурстарды пайдалануды болжауда және бағалауда кешенді жүйелік әдіс қолданылуы қажет. Осы экологиялық мониторинг және қоршаған ортаны қорғау шараларының жүзеге асуын қадағалауға ғылыми зерттеу институттарынан тәуелсіз сарапшы топтарды, халықаралық ұйымдар мен мамандарды, бейүкіметтік ұйым өкілдерін белсенді түрде тарту қажет. Мониторинг нәтижесінде алынған қорытындыларды қоғамдық тыңдауларда ұсыну, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялау қажет.

Орталық Азияда әл-ауқаттылық пен қауіпсіздіктің басты факторының бірі – су ресурстары екендігі көптеп айтылады. Аймақтың болашағы, оның әлеуметтік және экологиялық әл-ауқаты ең бастысы мемлекеттердің су ресурстар саласында ынтымақтасуға қабілеттіліктеріне және халықаралық қауымдастық тарапынан ынтымақты әрекеттеріне байланысты болып отыр. Шекарааралық өзендердің ресурстарын басқару өзара зиян келтірмейтін, әділетті және саналы түрде жүзеге асырылатын *экожүйелік әдіске* негізделуі керек. Экожүйелік басқарудың мәні:

1) экономикалық мақсаттар экологиялық мақсаттарды ескереді;

2) шаруашылық қызмет зиян келтіріп қана қоймай, экологиялық тұрғыдан бағдарланған тетіктер және заңнамада ынталандыру, экономикалық тетіктер арқылы табиғи үдерісті қайта қалпына келтіреді және қолдап отырады;

3) мемлекет үкіметтері мен халықаралық ұйымдар өздерінің тар әкімшілік және ведомстволық шектерінен шығып, көріністік міндеттері мен қысқа мерзімді мүдделерін бірлескен басқару құралдарын құру арқылы өзгертулері қажет.

Экожүйелік әдіс Орталық Азиядағы су экожүйесін және ресурстарының мәні мен рөлін басқаша бағалауға мүмкіндік береді. Осы экожүйелерді сақтап қалу үшін жаңа заңдар мен стандарттар, бұрынғы көзқараспен қалыптасқан санитарлық және көріністік нормалардың орнына экологиялық (экожүйелік) мақсаттарды (шектерді) қою керек.

Басқа *макроэкономикалық саясат* қажет: негізінен жергілікті, қосымша немесе өтемақылық сипатқа ие табиғат қорғау бағдарламаларына қарағанда, экологиялық бағытталған макроэкономикалық шаралар үлкен экологиялық әсер береді. Мұндай шараларға экономикада және экспорттық саясатта

құрылымдық өзгерістерді, салық жүйесін реформалау, субсидиялау және тағы басқалары жатады. Мысалы өндірістік саланы қысқартумен қатарлас өңдеу салаларын дамыту сияқты құрылымдық өзгерістер арқылы соңғы өнімнің көлемін ұлғайта отырып, өндіруден шығатын қалдықтарды қысқарту нәтижесінде 50 % табиғи ресурстарды сақтап қалуға болады екен.

Табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалануда жаңа технологиялар мен бағдарламаларды ендіру барысында экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үдерістердің үндестігін сақтауымыздың тиістілігі айқындалып отыр. Яғни экономика мен экология арасында теңдікті қалыптастыру қажет. Себебі қазіргі күні қайтсек те экономикалық көрсеткіштерді арттырамыз деп, ертеңгі күні соның салдарынан келетін залалды жою үшін тапқан пайдамыздан жүздеген есе артық қаражат пен ресурс жұмсауымызға алып келуі мүмкін.

Экономикалық тетіктерді жетілдіру. Табиғат пайдаланудың экономикалық тетіктері табиғат пайдаланудың ақылық жүйесін жетілдіру және міндетті экологиялық сақтандыруды көздейді. Табиғат пайдаланушыларды табиғат қорғау іс-шараларын жүргізуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ынталандыру экологиялық төлемдер жүйесін көздейтін табиғат пайдаланудың экономикалық тетігі көмегімен жүргізілуі тиіс [2].

Қоршаған табиғи ортаны қорғаудың экономикалық тетіктерінің міндеттеріне:

– табиғат қорғау шараларын жоспарлау және қаржыландыру;

– табиғи ресурстарды пайдалануда, қоршаған ортаға ластаушы заттарды шығаруға және тастауға шектеулер белгілеу;

– төлемдердің нормативтерін және көлемін белгілеу;

– ресурстарды үнемдейтін, аз қалдық шығаратын технологияларды енгізгенде, энергияның дәстүрлі емес түрлерін пайдаланғанда, қоршаған ортаны қорғау бойынша басқа да тиімді шараларды жүзеге асырғанда салық, несиелік, басқа да жеңілдіктер ұсыну;

– қоршаған табиғи ортаға және адам денсаулығына келтірілген зиянды белгіленген тәртіппен өтеу болып саналады [3].

Сонымен бірге экономикалық тетіктер табиғатты ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды ынталандыруы керек. Қоршаған ортаны ластағаны үшін ақылар ресурстар-

ды шамадан тыс пайдаланғанда немесе ластаушы заттарды шамадан тыс шығарғанда төлемдерді жоғарылату арқылы қоршаған ортаны ластауды төмендетуді экономикалық ынталандыруын қамтамасыз етеді. Сондықтан экономикалық шаралар арқылы заңнамамен, нормативтік құқықтық актілермен және басқа да құжаттармен белгіленген экологиялық саясаттың мақсаттарына қол жеткізу экономикалық тетіктердің элементтері оңтайлы реттелу және жүзеге асырылуы арқасында сәтті болады.

Экологиялық мәселелерді шешуде және аймақтың тұрақты дамуында *жеке сектор рөлінің* маңыздылығын да атап өткен жөн. Соңғы кездері халықаралық деңгейде қабылданған шешімдердің барлығы тұрақты дамуға қол жеткізу үшін жеке сектордың маңыздылығын атап өтуде. Бұл негізгі ресурстар жеке сектордың қолында екендігімен байланысты және солар негізі табиғат пайдаланушы және ластаушы болып табылады. Аймақ елдеріндегі экономикалық тетіктер және заңнамалар жеке секторға максималды пайда алуға мүмкіндік беріп, ал бұл өз кезегінде олардың мемлекеттерге экологиялық және әлеуметтік проблемалар қалдыруына алып келеді. Бұл «нарықтың сәтсіздігі» және «тиімсіз» басқару нәтижесі болып отыр. Суды үнемдеу және энерготімділік, денсаулық және білім бойынша мақсаттар жарияланатын болса осы қызметтерді салықтан босатып, оларды басқа әдістермен ынталандыру қажеттілігінің қисыны бар еді.

Қоғамдық ұйымдардың рөлі және олардың экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шараларда қатысуы әлі де әлсіз болып отыр. Бұл бейүкіметтік ұйымдардың өздерінің жеткіліксіз әлеуеті, олардың қаржылық және техникалық негізінің тұрақсыздығымен және оларды ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейде теңқұқылы серіктес ретінде қатысуының қиындығына байланысты болып отыр. Ал экологиялық мәселелерді шешуде *бейүкіметтік секторды* жақсылап басқару да өз септігін тигізеді.

Аймақта қоршаған орта саласында *шешім қабылдау жүйесі* де бірқатар пікірталастардың пәні болып отыр. Көпжақты келісімдер және аймақтық конвенциялар, оның ішінде Орхусс конвенциясы да осы жүйені жетілдіру үшін нақты тетіктер ұсынуда [4]. Кеңестік жүйеден қалған шешімдерді қабылдау тетіктері негізінен өндірістік әлеуетті өсіруге бағытталған және бұйрықтық экономикаға негізделгендіктен халықтың және қоршаған ортаның жағдайын

жеткілікті деңгейде ескеруге мүмкіндік бермеді, болашақ дамуға кедергі болды.

Шаруашылық қызметті жоспарлауда, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруда интеграцияланған әдіс, экожүйелерді басқаруда қол жетімді және сенімді ақпаратқа, ғылыми зерттеулер мен талдауларға, болжау мен сараптамаға, мүдделі топтардың пікіріне, ведомствоаралық өзара әрекеттесуге негізделетін шешім қабылдаудың дәлме-дәл жүйесіне негізделуі керек.

Қоғамның экологиялық ақпаратқа қол жеткізуі және олардың шешім қабылдауға қатысулары заң актілерінде нақты жазылып белгіленулері керек. «Экологиялық ақпарат» түсінігі нақтыланып, экологиялық ақпаратқа еркін қол жеткізіле беруі керек, егер ондай ақпарат бермесе қандай да болсын санкциялар енгізілу қажет. Қоғам қатыса алатын шешімдердің тізімі жасалынып, жай және нақты қатысу процедуралары құрылуы қажет, егер олар орындалмаса санкциялар бекітілуі қажет.

Экологиялық мәселелерді шешу үдерісіне мүдделі қоғам өкілдерінің де қатысуының тиімділігін ескере отырып, экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік жасалынуы және де қоршаған ортаға кері әсері бар ірі шаруашылық жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, транспаренттілік және есептілік қажет.

Сонымен қатар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі басты бағыттардың бірі *қоғамды экологизациялау* болып отыр. Өмір сүру ортасына жауапты көзқарастың қалыптасуы ұзақ уақыт бойы тұтынушылық мінез-құлықтың кең етек таралу стереотипін бұзумен байланысты. Бұған қол жеткізу үшін үздіксіз экологиялық білім беру, экологиялық насихат және қоғам өкілдерінің қатысуын жоғарылату арқылы барлық жастағы азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік деңгейлерде және әртүрлі кәсіби топтардың экологиялық мәдениеті мен экологиялық білімінің деңгейін жоғарылату қажет. 2005-2014 жылдарды БҰҰ орнықты даму мақсатында білім онжылдығы деп бекіткен болатын, осының аясында міндетті түрде, әсіресе экологиялық білімді жетілдіру керек.

Халық арасында экологиялық ақпаратты тарату экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде үлкен ағартушылық-үгіт-насихаттық маңызға ие. Бұл жерде бұқаралық ақпарат құралдарына да үлкен міндет артылады. Сонымен бірге ұсынылатын мәліметтердің сапа-

сы, жеделдігі және өзектілігі бойынша шаралар қолдану қажет. Қоғамның барлық деңгейлерінде экологиялық білімнің жетіспеушілігі көптеген табиғат қорғау заңнамаларының бұзылуының және билік өкілдерінің әрекетсіздігінің, сонымен қатар халық тарапынан қисынсыз әрекеттердің негізі болып отыр.

Жалпы алатын болсақ, Орталық Азиядағы қоршаған ортаның жағдайы және оның нашарлауының аймақтық қауіпсіздік үшін салдарын сараптай келе, аймақтың экологиялық алауқатын қамтамасыз ету мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып отырғандығын айта аламыз. Орталық Азия аймақ мемлекеттерінің өз табиғатын бұзған мемлекеттердің жолын қайталап қана қоймай, онымен қоса бұл жолды қазіргі заманғы техносфераның күшті энергетикалық қуаттарын пайдалану арқылы және экологиялық шараларды аз қаржыландыру аясында өтуде. Қоршаған ортаға антропогендік кері әсердің алдын алу және салдарын жою мәселелерінің шешілмеуі аймақ мемлекеттері арасында сол мәселелерді реттеуді қиындатып отыр. Жалпы алғанда Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясатына табиғи фактордың әсерін бағалай отырып, оның басым интеграциялық рөлге ие екендігін айта аламыз. Экологиялық мәселелерді шешуде кешенді бірлескен бағыттың қажеттілігі сыртқы саясат жүйесінде біріктіруші фактор болып табылады. Аймақ мемлекеттерін экологиялық апат қауіпі біріктіре алады, алайда уақыт аздығына орай бұл экологиялық апаттан құтқару үшін тек бірігу аз. Кейбір қайшылықтардың сақталып қалуы болашақта аймақтың кейбір мемлекеттері арасында қатынастардың шиеленісуіне алып келуі мүмкін. Бұл өз кезегінде табиғи әлеуметтік дағдарысқа алып келіп, сөзсіз экологиялық

апаттың орын алуына септігін тигізуі мүмкін.

Қазіргі таңда Орталық Азия аймағында ортақ экологиялық саясаттың жоқтығы орталықазиялық аймақтық қауіпсіздікке қауіп төндіріп тұрған осы мәселенің тұрақсыздандырушы әлеуетінің жинақталуына әрекет етіп отыр. Сонымен қатар аймақ үлкен аумаққа ие болғандықтан және үлкен геосаяси мәні болғандығынан аймақтағы экологиялық апат ғаламдық деңгейге дейін жетуі мүмкін екендігін ескере отырып, бұның алдын алу үшін мемлекетаралық болсын, аймақтық және халықаралық деңгейде ынтымақтастықты дамыту қажеттігін әрқашан ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер

1. Есекин Б.К. Основные угрозы и лимитирующие факторы развития Центральной Азии // http://ec.europa.eu/environment/enlarg/pdf/astana/pres_yessekin_ru.pdf
2. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы. – Астана, 2003. – 30 б.
3. Шеденов У.К., Утепкалиева К.М., Жунисов Б.А. Экономический механизм обеспечения экологической безопасности в Республике Казахстан // Безопасность и региональное сотрудничество: сборник материалов международной конференции. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2004. – С. 215-220.
4. Конвенция о доступе к информации, участию общественности в процессе принятия решений и доступе к правосудию по вопросам, касающимся окружающей среды [Орхусская конвенция] // [http://www.un.org/ru/documents/ decl_conv/conventions/orhus.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orhus.shtml)

Г.С. Байкушикова

Пути оптимизации обеспечения экологической безопасности в Центральной Азии

В статье рассматриваются пути оптимизации обеспечения экологической безопасности в Центральноазиатском регионе. Для обеспечения экологической безопасности в регионе автор предлагает создать интегрированную региональную систему экологической безопасности, принять единую экологическую концепцию, развивать правовую базу, усовершенствовать деятельность институтов, осуществить экологизацию общественного сознания.

Ключевые слова: Центральная Азия, экологическая безопасность, оптимизация, система экологической безопасности, экологизация.

G.S. Baikushikova

Optimization ways of enhancing environmental security in Central Asia

Optimization ways of ensuring of environmental security in Central Asia were considered in the article discusses. The author proposes to set up an integrated regional system of environmental security, adopt united ecological conception, develop legal basis, improve activity of institutions and stimulate «ecologization» of public consciousness in order to ensure environmental security in the region.

Keywords: Central Asia, Environmental safety, optimization ecological security system, ecologization